


СТИПЕНДИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМА АЯСЫНДА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖОО-да БІЛІМ АЛУҒА ҮМІТКЕРЛЕРГЕ АРНАЛҒАН ҚАДАМДЫҚ НҰСҚАУЛЫҚ


1. Құжаттарды тапсыру

Браузерді іске қосыңыз және мекенжай жолағында <https://enic-kazakhstan.edu.kz> теріңіз (сурет 1).



Сурет 1


Бетті астыға жылжытыңыз (сурет 2).



Сурет 2

Стипендиялық бағдарлама бөлімінде «Көшу» батырмасын басыңыз.

Ашылған терезеде (сурет 3) Сізге «Құжаттарды тапсыру» батырмасын басу керек.



Сурет 3

Ашылған терезеде Сізге үміткердің өтінішін толтыру қажет (сурет 4, сурет 5).

The image shows a web browser window with the URL 'https://enic-kazakhstan.kz/fellowship_programme/universities'. The page title is 'Толық оқу кезеңіне берілетін стипендиялық бағдарламаларға қатысу үшін өтініш'. The form contains the following fields: 'Аты', 'Тегі', 'Туған күні' (with dropdowns for day, month, and year), 'Азаматтығы', 'Паспорттың/жеке куәліктің нөмірі', 'Паспорттың/жеке куәліктің қолданылуын аяқтау мерзімі' (with dropdowns for day, month, and year), 'Тұратын елі', 'E-mail', 'Телефон', 'Қосымша ақпарат', 'Білім беру деңгейі' (with a dropdown menu), and 'Білім беру бағдарламасы'. The browser's address bar, navigation icons, and a 'Жеке кабинет' button are visible at the top.

Сурет 4

ЖОО

Мәнді таңдаңыз

Тілді меңгеру деңгейі

	A1	A2	B1	B2	C1	C2
Қазақ	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
Орыс	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
Ағылшын	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
Қосу +						

- Паспорттың/жеке куәліктің көшірмесін тіркеу
- Алдыңғы білім деңгейі туралы құжаттың көшірмесі (бар болған жағдайда транскриптімен қоса)
- Қазақ немесе орыс немесе ағылшын тіліндегі ұсыным хат
- Денсаулығы туралы медициналық анықтама (ЖИТС, флюорография)
- Сотталмағандығы туралы анықтама
- Шетел тілін меңгеруі (сертификатты тіркеу, докторантура үшін міндетті)
- Қазақ, немесе орыс, немесе ағылшын тіліндегі мотивациялық хат (250-500 сөз)
- Қазақстандық ЖОО-нан шақыру хаты (егер бар болса)

Сурет 5


Толтырғаннан кейін «Жіберу» батырмасын басыңыз (сурет 6).

Жіберу

Сурет 6

Сіздің өтінішіңіз мақұлданғаннан кейін Сіз көрсеткен электрондық поштаңызға сілтеме көрсетілген хат келеді.

Сілтеме бойынша өтіп, өзіңіздің құпиясөзіңізді енгізіңіз (сурет 7).




Сурет 7

Тіркеу аяқталғаннан кейін қолданушының жеке кабинеті жасалады. Жеке кабинетке кіру үшін Логин (E-mail) мен Құпиясөз (ертеректе енгізілген) мәліметтерін қолданасыз.

2. Жеке кабинетке кіру


Браузерді іске қосыңыз және мекенжай жолағында <https://enic-kazakhstan.edu.kz> теріңіз. Келесі бет шығады (сурет 8).



Сурет 8

Жоғары оң жақ бұрышында орналасқан «*Жеке кабинет*» батырмасын басыңыз.


Ашылған терезеде Сізге Логин (E-mail) мен Құпиясөзді енгізу керек (сурет 9).



Сурет 9

«*Кіру*» батырмасын басыңыз.


Авторизацияланғаннан кейін «Жеке кабинет» қол жетімді болады (сурет 10).



Сурет 10


3. Тестілеу

Бейімделу әлеуетін анықтауға арналған онлайн-тестіні өту үшін мәзірдегі «Тестілеу» бөлімін басыңыз (сурет 11).




Сурет 11

Өтуге қолжетімді тестілер Сізге тестіні қосқаннан кейін пайда болады. «Өтуге қолжетімді тестілер» бөлімінде Бейімделу әлеуетін анықтау тестін таңдаңыз (сурет 12).



Сурет 12

Ашылған терезеде Сізге сұрақтарға жауап беру қажет (сурет 13).



Сурет 13

Сіздің жауабыңыз қабылдануы үшін «*Жауапты қабылдау*» батырмасын басыңыз.

Тестіні аяқтау үшін барлық сұрақтарға жауап беру керек. Егер Сіз барлық сұрақтарға жауап берсеңіз, «*Тестілеуді аяқтау*» батырмасын басыңыз.

4. Онлайн әңгімелесу

Сізге белгіленген уақытта онлайн әңгімелесуді өту үшін мәзірден «*Вебинарлар*» бөлімін басыңыз.

Онлайн әңгімелесуді бастау Сізге вебинарды қосқаннан кейін қол жетімді болады.